

Уран өнімінің экспорты туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 4 наурыздағы N 266 Қаулысы.
Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 28 тамыздағы
N 778 Қаулысымен

**Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.08.28 N 778
Қаулысымен.**

"Экспорттық бақылау туралы" Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 18 маусымдағы Z960009_ Заңына және "Қазақстан Республикасында тауарлардың (жұмыстардың, қызмет көрсетулердің) экспорты мен импортын лицензиялау туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 30 маусымдағы N 1037 P971037_ қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Катко" қазақстан-француз-швейцар бірлескен кәсіпорны" жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне (бұдан әрі - "Катко" БК) "Катко" БК мен "КОЖЕМА" ядролық материалдар жөніндегі бас компаниясы" акционерлік қоғамы (Француз Республикасы) арасындағы 2001 жылғы 12 қарашадағы N А/0060/КАТ/UN уран концентратын сатып алу келісім-шартының талаптарына сәйкес 300000 кг U мөлшеріндегі табиғи уранның тотық-шала тотық түріндегі уран концентратын (СЭҚ ТН коды 2844 10 390) экспорттауға рұқсат берілсін.

2. Қазақстан Республикасының Экономика және сауда министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен "Катко" БК-ға осы қаулының 1-тармағында көрсетілген уран өнімін Қазақстан Республикасынан экспорттауға лицензиялар берсін.

3. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің Кеден комитеті осы қаулының 1-тармағында көрсетілген өнімді кедендік бақылауды және кедендік ресімдеуді қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігінің Атом энергетикасы жөніндегі комитетіне жүктелсін.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі